



Автор: Кушкимбаева Фарида Ерахметкызы

Пән: Геометрия

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Төртбұрыштар

Тақырып: Фалес теоремасы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.1.1.7 Фалес теоремасын білу және қолдану
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Фалес теоремасын біледі, түсінеді Көптеген оқушылар: Есептер шығаруда Фалес теоремасын қолдана алады Кейбір оқушылар: Фалес теоремасын қолданбалы есептер шығаруда қолданады
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика мен терминология: бұрыш, ортақ қабырға, параллель түзулер, тең кесінді Диалогқа қажетті тіркестер: -параллель түзулер дегеніміз..... -тең кесінділер дегеніміз -теорема дегеніміз..... -дәлелдеу дегеніміз.....
Күтілетін нәтиже:	Фалес теоремасын қолдана отырып есептер шығара алады.
Бағалау критерийлері:	-Фалес теоремасын біледі; -Фалес теоремасын қолданады.
Құндылықтарды дарыту:	Жалпыға бірдей еңбек қоғамы
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интерактивті тақта, слайдтар
Пәнаралық байланыс:	Тарих, физика
Бастапқы білім:	-параллель түзулер; -кесінділердің теңдігі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (0-5 мин)	1. Қызығушылықты ояту 2.«Ішкі және сыртқы шеңбер» әдісі бойынша оқушылар бір-бірлеріне сұрақтар қояды □ бұрыш дегеніміз не? □ параллель түзулер дегеніміз не? □ кесінді дегеніміз не? 3. Бүгінгі оқу мақсатын айқындау үшін оқушыларға проблемалық сұрақ қойылады: Берілген АВ кесіндісін тең үш бөлікке қалай бөлуге болады? (Оқушылар бүгінгі сабаққа байланысты мақсатын айқындайды)	интербелсенді тақта

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (6-37 минут)	Мағынаны тану.(интерактивті тақта арқылы мәлімет беру) 1. Фалес теоремасы . «Балық қаңқасы» әдісі (оқушылар өздері теореманы дәлелдейді) Дескрипторлар: □ АОВ бұрышын салады; □ параллель түзулер жүргізеді; □ тең кесінділер жүргізеді Қалыптастырушы бағалау: « Бес сұрақ» әдісі (оқушылар сұрақтар дайындайды) Саралау: ресурс немесе мәтін бойынша саралаймын Фалес теоремасын практикада қолдануға тапсырмалар беріледі: Топтық жұмыс:« Ротация » әдісі №1. Аспалы көпірді бекіту кезінде арқандарды орнату үшін үшбұрышты конструкция қолданылды. Бұл үшбұрыштың төбелерін ABC арқылы белгілеп, AB ретінде конструкцияның 150 м болатын ең ұзын арқаны қабылдайық. Берілген конструкцияның көлденең бетінде (BC қабырғасы) басқа арқандарды бекітуге арналған екі нүкте белгіленген, олар осы қабырғаны тең 3 бөлікке бөледі. Осы бекіту нүктелері арқылы өтетін арқандардың ұзындықтарын табыңыз, егер олар AB қабырғасына параллель орналасқаны белгілі болса. Дескрипторлар: □ есеп шартына сай сызбасын салады; □ BC қабырғасындағы нүктелер арқылы AB қабырғасына параллель түзулер жүргізеді (AB A1B1 A2B2); □ Фалес теоремасын қолданады; □ арқандардың ұзындықтарын табады. Қалыптастырушы бағалау. «Бас бармақ» әдісімен бағалау. Басбармақ жоғарыға қарай = Мен түсінемін. Басбармақ көлденең = Мен түсінгендеймін. Басбармақ төмен қарай = Мен түсінбедім. Кері байланыс: мұғалім оқушы Саралау: мақсатқа байланысты қолдану үшін берілген тапсырма №2. (жеке жұмыс) Берілген кесіндіні : 1) өзара тең төрт ;2) өзара тең бес кесіндіге бөліңіз Дескрипторлар: □ есеп шартына сай AB кесіндісін салады; □ кесіндінің басын А және соңы В нүктесін белгілейді; □ кесіндінің ұзындығын өлшеп алады; □ Фалес теоремасын қолданады; □ кесінділерді төрт және бес бірдей бөліктерге бөледі. Қалыптастырушы бағалау: оқушылармен жеке әңгімелесу Саралау : оқушыға жеке қолдау көрсету арқылы саралау №3. (жүппен жұмыс). Бұрыш қабырғаларымен шектелетін кесіндісі А нүктесінде 2:1 қатынасында бөлінетіндей етіп , бұрыштың ішкі А нүктесі арқылы өтетін түзу жүргізіңдер. Дескрипторлар: □ есеп шартына сай бұрыш салады; □ нүктелерді белгілейді; □ Фалес теоремасын қолданады; □ нүкте арқылы түзу жүргізеді Қалыптастырушы бағалау: «Көршінді тексер» әдісі Кері байланыс : оқушы оқушыға Саралау: оқушының дербестігі мен жауапкершілігі бойынша №4.(Өзіндік жұмыс). BC кесіндісі берілген . Осы кесіндіні: 1) 1:2; 2) 2:3 қатынасында екі бөлікке бөліңдер. Дескрипторлар: □ BC кесіндісін салады; □ Фалес теоремасын біледі; □ кесіндіні екі бөлікке бөледі Қалыптастырушы бағалау: «Өзін-өзі » бағалау Саралау: оқушыға жеке қолдау көрсету №5. Оқушылардың алған білімін тексеру мақсатында «Проблемалық есеп» беремін, сонымен оқушылар сабақ басында келесі проблема қойғанбыз және енді шығарайық: Берілген AB кесіндісін тең үш бөлікке қалай бөлуге болады? Дескрипторлар: -Фалес теоремасын қолданады ҚБ: бірін-бірі бағалау.	Интерактивті тақта, сызғыш, маркерлер, портреттер, флипчарт, оқулық 5e73b571c47ec.png Image not found or type unknown 5e73b57fe0978.png Image not found or type unknown 5e73b58c7eb34.png Image not found or type unknown
Сабақтың соңы (38-39 минут)	. Ой толғаныс: Кесте. Фалес теоремасын қаншалықты меңгергендігін кестеге толтырады (БББ) Білемін Білдім Білгім келеді Үйге тапсырма: №3 , №4	.Оқушыларға БББ кестесін толтыру кестесі

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (40 минут)	.Топтық, жұптық, жеке жұмыстар арқылы өзара қолдау, көмек көрсету жүзеге асырылады. Жұмыс жасау кезінде «Ротация » әдісі бойынша топтар басқа топтармен алмасып берілген тапсырмаларын толықтырып, өз ойларын жеткізіп отырды. Оқушылардың білімін саралау мақсатында өзіндік жұмыстарға тапсырмалар берілді.	.АКТ қолдану ережесімен және жеке, жұппен жұмыс, топтық жұмыс жасау ережелерін сақтау